

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жұмыстардың тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 81 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 3755 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 146 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 18.04.2019 № 146 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 8 бабының 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жұмыстардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Б.М. Токмурзинға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі

К.М. Максұтов

Қарқаралы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 04 сәуірдегі
№ 81 қаулысына қосымша

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жұмыстардың тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 16.08.2016 № 192 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с	Атауы
1.	Жұмыстар
1.1	Бюджеттік даму бағдарламалары шеңберінде жаңа нысандар құрылыс немесе бар нысандардың қайта құру жұмыстары

1.2	Бюджеттік даму бағдарламалары шеңберінде аудандық маңызы бар автокөлік жолдарының күрделі жөндеу жұмыстары
1.3	Ауданға қарасты коммуналдық меншіктегі ғимараттардың күрделі жөндеу жұмыстары
1.4	"Өңірлерді 2020 жылға дейінгі дамытудың" бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК